



тіккенін біліп кетті. Ап өкінішке қарай, Семей полигонының адам ғұмырына қауіп төндіріп отырғаны ешкімді ойлаңдырар емес. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған қазіргі бейбіт өмірде ядролық сынақ зардабынан қаншама адам көз алдымызда 50 — 60 жасты алқымдамай-ақ көз жұмды. Тілті өріге бармай өз айналамнан айтсам, менің 2 апам, 2 жездем, 2 құдам, туған қайнағам, барлығы 11

К. НҰРКЕНОВ: — Абай атындағы совхоздың еңбек ардагері.

— Мен де көнекез қариялардың бірімін. Мыржық тауының етегінде дүниеге келдім. Осы жерде ер жетіп, есейдім. Ұлы Отан соғысы кезінде Семей қаласында тұрдым. Сонда Темір деген көршіміз болды. Өлгі адамды бір күні еңбек армиясына алып кетті. Араға айлар салып оралды. Сөз арасында ат-арбамен бір

зықта айлап жұмыс жасағанды, әлдебір алып құрылыстың іргетасын қалағанын айтып отырушы еді. Семей полигоны жайлы баспасөзде сараң хабарлар бой көрсете бастағанда сол құпия аймақтың өзіжұмыс істеген мекен болғанына көзі жетіп, талай рет жаны күйзеле айтқан еді. Енді міне сол қасіретті мекеннің дәм-тұзын менің де татуыма тура келді. Тек соңғы жылдары ғана 60 жасқа ілікпей ата-

Оны барлығымыз теледидардан көрдік. Бірақ сондай жиындар өткізіп, «Семей-Невада» қозғалысын қолдауға әлі де енжарлық көрсетіп отырғанымыз өкінішті. Алдағы кезеңде аудан тұрғындарының денсаулығын комплексті тұрғыда зерттеп, ойластырылған сауықтыру шараларын белгілеу тиісті ұйымдардың міндеті деп білеміз. Сонымен қатар полигонға жақын шаруашылықтарға дозиметр-

Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқару комитеті «Неаада—Семей» қозғалысын қызу қолдайды және барынша аудан халқына сол игі бастаманы бір кісідей қолдауға шақырады. Өйткені, жыл өткен сайын аудан жұртшылығы арасында сырқат түрлері еселеп артып, табиғат жомарт пейілінен айрылып барады. Балалардың кемтар тууы, қатерлі ісік және басқа аурулар беллең алууда. Бұрын әр ауылда ондап саналатын Ардақты аналар кейінгі жылдары сау-сақпен санарлық десе де болады. «Ауру астан» дейді халық даналығы. Өйткені ондаған жылдар бойы ашық ауада жасалған сынақ кезінде жер бетіне қаншалықты радиациялық тозаң шөккенін біз біле береміз бе? Жоқ. Сондай-ақ аймақтың суын ішіп, шөбін жеген малдың өнімін пайдаланған халықтың денсаулығына комплексті дәрігерлік бақылаулар жүргізу мәселесі енді ғана қолға алынбақ. Осындай зардапты аймақ халқына дәрігерлік көмек пен моральдық-материалдық қолдау көрсету ісі ешбір сын көтермейді. Тіпті Егіндібұлақ селосындағы аурухана комплексінің құрылысы басталғалы 5 жыл өтсе де аяғына жетер түрі жоқ. Медициналық жұмысты жақсарту ісіне облыстық денсаулық сақтау бөлімі, медициналық институт әлі де нашар жәрдемдесіп келеді. Жекелеген совхоздарда, аудан орталығында маман дәрігерлер жетіспейді. Осы заманғы қондырғылар орнатылған жаңа үлгідегі совхозаралық ауруханалар салу да толғағы жеткен мәселелердің бірі деп білеміз. Сондықтан ядролық сынақ алаңын жабу туралы халық тілегіне мен де қосыламын.

Еңбекшілер өкілдерінің жиынында ССР Одағының үкіметіне, барлық халық депутаттарына арнап Семей өңіріндегі ядролық полигонды жабу жөнінде ұсыныс білдірген 10 мың адам қол қойған үндеу қабылданды. Ядролық сынаққа қарсылық жиынында СССР халық депутаты, Қызыл Крест қоғамы облыстық ұйымының председателі Д. С. Рахимова сөз сөйледі.

Ф. СМАҒҰЛОВ,
СССР Журналистер одағының мүшесі.
ЕГІНДІБҰЛАҚ ауданы.

ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ТОҚТАТЫЛСЫН

адам аз ғана жылдың ішінде жарық дүниеден мезгілсіз аттанды. Осы қасіретті цифрлардың жүздеген түтінге қатысы бары анық. Ашық ауада сынақ өткізуді өз адамдарымызға ажал ұрығын себу демеске шара жоқ. Амал не 40 жыл бойы қайғы суын ішсек те шындыққа шідер салынған соң тілімізді тістеп келдік. Бар дауыспен айтуға тек 1935 жылғы апрель Пленумынан кейін ғана мүмкіндік алдық. Үстіміздегі жылдың көктемінде СССР халық деаутаты, облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары В. И. Локотунинмен аудандық партия комитетінің мәжіліс залында сайлаушылар кездесуі өткізілді. Бұл мәселенің ұшығы сол бас қосуда көтерілген еді. Бірақ ат тебеліндей ғана активпен жабық есіктің ішінде өткізілген «сайлаушылар кездесуі» өз нәтижесін берді ме? Жоқ. Ең өкініштісі сол — жүйелі сөз иесін таппады дегіміз келеді. Чернобыль трагедиясына бүкіл еліміз, көптеген елдің прогресшіл ақыл-ой иелері қол ұшын бергеніне күеміз. Радиациялық сәулеге ұшыраған Чернобыль топырағы аз уақыттың ішінде қыруар қаржымен көмілді. Ал біздің ауданмен шекаралас сынақ алаңындағы түпсіз шыңыраудың беті әлі ашық жатыр. Бұған кімдер жауапты? Осы полигондағы әскери басшылардың мұндай жүгенсіздігіне қашан тыйым болмақ? Аудан халқының осы алаңдатушылығын СССР халық депутаты Д. С. Рахимовадан үкімет басшыларына жеткізуін сұраймыз.

жерлерден қазылған шұңқырдың топырағын Ертіс өзенінің жарлауытына тасып төккендерін әңгімелеп отырушы еді. Көп жыл өткен соң оның ядролық сынақ алаңында жұмыс істегенін білдік. Алғашқы ашық жарылыс жасалар шақта Мыржық тауының екі сыртында Абыралы, Қу аудандарының төрт колхозы болды. Ара қашықтықтары үш шақырымнан аспайтын еді. Ашық ауадағы сынақ алдында Абыралы ауданының колхоздарын көшіріп әкетті, біздің шаруашылықтар сол орнында қалдырылды. Қазіргі күннің өлшемімен ойласақ, орынынан жылжытылмаған халыққа радиациялық сәуленің әсерін байқау мақсатында «тәжірибе» жасаған тәрізді Ол аз дегендей 1954 жылы Абай атындағы совхозды жарылыс аймағының ішіне сұғындыра салуын қалай түсінуге болады? Тақауда қазақ телеграф агенттігінің хабарынан Семей облысының 5 ауданына әлеуметтік жеңілдіктер жасау мүмкіндігінің қарастырылып жатқандығын оқыдық, Ал, біздің ауданның ядролық жарылыстан алған материалдық-моральдық зардаптары қалай өтелмек? Мұндай әлеуметтік теңсіздікке жол берілмейді деп ойлаймыз. Халық тілегі, халық талабы осы.

С. НЫҒМЕТОВА: — № 2 орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі.

— Өзім Саратов облысында дүниеге келдім. Өкем Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Ол соғыстан кейінгі жылдары айналасын ұсақ шоқылар көмкерген бұдыры жоқ сарыжа-

енем қайтыс болды. Өткен жазда ойнақтап жүрген оқу озаты М. Мұстафина деген шәкіртім ми рагынан көз жұмды. Қазір оқушылар тым әлсіз. 20 минуттық линейкалардың соңына жетпей құлап түскеніне сан рет куә болдық. Ауданда кейінгі жылдары өзін-өзі өлтіру, жүрек және қан тамырларынан тілге келмей, кету фактілері жиілеп барады. Бірақ халықтың басына түскен мұндай зуламатты біздің депутаттарымыз жоғары орындарға жеткізуде дәрменсіздік көрсетіп келеді.

Л. БОРАНБАЕВА: — аудандық санэпидстанцияның бас дәрігері.

—Семей полигонының жапсарлас орналасқан аудандар халқына зияны көп. Амал не сол қасіретті 40 жыл бойы тілімізді тістеп айта алмадық. Жариялылық кезеңінің өзінде көп дүниенің кілті қолға түсіп тұрған жоқ. Ауданда дүниеге келген 1000 баланың 42-сі шетінеп кетеді. Бұл облыстық, республикалық көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Қатерлі ісіктен 1986 жылы ауданда 2 адам қайтыс болса, үстіміздегі жылдың басынан бері 17 адам өлді. Соның біразы елуден жаңа ғана асқан адамдар. Қан айналымы сырқаты да облыстық көрсеткіштерден екі есе жоғары. Ауданда психикалық аурулардың өсу фактілері байқалып отыроу Тек биылғы жылы ғана бірнеше жас жігіттің асылып өлу жайлары кездесті. Семей облысының Абай ауданында ядролық сынақ алаңын аластату жөнінде халықтық митингі болды.

лер орнатуды жеделдете шешу қажет. Бұл халықтық бақылауды күшейтуге жағдай жасар еді.

З. БЕЙСЕНБАЕВА: —Ардақты ана.

—Полигон халықтың қайғы қасіреті. Полигон қырық жыл бойы сананы жегідей жеп, көңіл айдынына үйірілген қара бұлт. Сол зілзаланы тарқату адамдардың табанды ерік-жігерінің арқасында мүмкін ғой деп есептеймін. Балқантаудың атырабы біздің бала кезімізде қыз бұрымындай бұрала аққан бұлаққа толы еді. Көл бетінен аққу-қазы үзілмей, тіршіліктің тәтті әнін әуелете шырқайтын бүгінде көрген түстей келмеске кетті. Ат сауырын бойлайтын өлке шабындықтары ұлан жаз ортасының өзінде шалғы жүзіне өзер ілінеді. Мұның өзі ядролық сынақтың табиғат тамырына да балта шапқаны емей немене? Менің жолдасым Қамал да небәрі 53 жасында қатерлі ісіктен көз жұмды. Күнделікті тұрмыста жас аналардың қанының аздығы жиі байқалады. Сонда ұрпақ болашағы қандай болмақ. Сондықтан барша аналар атынан ядролық сынақ алаңынан бүтіндей аластатуды талап етемін.

А. ТӨРЕБЕКОВ: —Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің екінші секретары.

—Полигонды ұзақ жылдар бойы сыртқы жаудан қорғайтын қалқан деп білдік. Тек бүгін, кең демократия, шыннайы жариялылық арқасында адам өміріне қауіп төндіріп келген темір пердесін сыпырып тастауға мүмкіндік ту-